

2023/2024-ОҚУ ЖЫЛЫНДА  
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕПТЕРДІҢ 11-СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН

# Қазақ тілі және әдебиеті

ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ  
ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҰСЫНЫМДАР МЕН МАТЕРИАЛДАР



**Т.С.Ахмедов** – Ташкент облысы Педагогтарды жаңа әдістемелерге үйрету ұлттық орталығындағы Әдістемелік қызмет көрсету бөлімінің туысқан тілдер методисті.

**Сарапшы:** : А. К Тәжібаева – Республикалық білім орталығының қазақ тілі және әдебиет пәнінің әдіскері.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ БІТІРУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН ШЫҒАРМА ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

Бұл шығарма спецификациясының мақсаты – бітіруші оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет пәнінен білім дәрежесін анықтауда қолданылатын шығарма тақырыптарының құрылымын және оған қойылатын талаптарды белгілеуден құралған. Бұл құжатқа апробациялар нәтижесінде қосымшалар, өзгертулер мен түзетулер енгізілуі мүмкін.

11-сыныпты бітірген оқушылар қазақ тілі және әдебиет пәнінен білім бағдарламасы бойынша белгілі дәрежеде компетенцияларға ие болады.

Оқушылардың алған білімін, дағдылары мен біліктіліктерін анықтау үшін 2023-2024-оқу жылында 11-сыныптарда қорытынды емтихан жазбаша түрде өткізіледі.

Әрбір шығарма тақырыптары қазақ тілі және әдебиет пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сыныптарының тақырыптарын қамтиды. Сондай-ақ, шығарманы бағалау критерийлері де берілген.

Шығарма тақырыптарын енгізудің тағы бір маңызды жағы мынада, қазақ тілі және әдебиет пәндерінен алған білімі мен сауаттылығы бекітіліп, шығармашылық, сөз байлығын пайдалану біліктілігі артады, өз көзқарасын логикалық және жүйелі түрде білдіру тәжірибесіне ие болады және осы бағытта пікірін жеткізуге үйренеді.

11-сыныпқа арналған шығарма үш нұсқада құрастырылған болып, әрбір нұсқада үшеуден шығарма тақырыбы бар. Соған орай, нұсқадағы тақырыптардың екеуі әдебиет пәнінен емтихан материалдарының

Мемлекеттік білім стандарты мен оқу бағдарламасында белгіленген тақырыптары бойынша, ал біреуі еркін тақырыпта дайындалды.

Республиканың жалпы орта білім беретін мекемелерінде оқитын 11-сынып оқушыларының арасында қорытынды аттестациясын өткізілуіне байланысты емтихан алу үшін шығарма тақырыптары ұсынылуда. Емтиханда шығарма таңдалудағы мақсат – оқушылардың логикалық-шығармашылық пайымдау дағдыларын қалыптастыру, өз бетінше және шығармашылық ойлауға үйрету, емлелік және стилистикалық сауаттылығын қалыптастыру, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытудан құралған.

Шығарманы жазып, оқушының өзі оқып шығып, қателермен жұмыс істеуін және қосымшалармен толықтыратынын ескеріп, 3 академиялық сағат белгіленеді.

Оқушылардың жазба жұмыстары қазақ тілі пәндерінің әрбірі үшін жеке 100 балдық жүйе негізінде:

- 0 – 29% – “қанағаттанарсыз”;
- 30 – 65% – “қанағаттанарлық”;
- 66 – 85% – “жақсы”;
- 86 – 100% – “үлгілі”

баға ретінде бағаланады. Әрбір тапсырма үшін көрсетілген баллдан жоғары балл қоюға жол берілмейді.

<b>11-сынып бітірушілеріне арналған қазақ тілі және әдебиет пәнінен білім беру мақсаттары</b>	
Грамматикаға қатысты меңгерілетін нормалар	қазақ әдеби тілі грамматикасының нормалары мен мүмкіндіктерін білу
	тіл стильдерінің шекарасы мен мүмкіндіктерін білу
	ауызша және жазбаша тілдегі сөз түрлендіретін және сөз тудыратын қосымшаларды, грамматикалық мағынаны білдіретін тәсілдерді таңдай білу
	синонимдік және стилистикалық мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білу
	сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтау, сөйлем мүшелерін түрлі сөз таптарына жататын сөздер, заттанған сөздер, сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы өрнектеу
	сөйлем түрлерін, қаратпалы, қыстырмалы және үйірлі, бірыңғай мүшелі, оңашаланған айқындауышты сөйлемдерді, құрмалас сөйлемнің түрлерін, төл сөз бен төлеу сөзді дұрыс және орынды пайдалана білу
	Сапалық көрсеткіштер – мәтіндегі сөйлемдердің мазмұндық тұрғыдан өзара байланыстылығын берілген тақырып аясында біріктіре алу, тыныс белгілерін дұрыс қою, мәтіндегі абзацтардың тұтастығы мен пікірдің дәйектілігін қамтамасыз ету, оқытылған бейнелеу құралдарын орынды қолдана алу және олардың стилистикалық мүмкіндіктерін пайдалану, іс қағаздарды жаза білу
Әдебиетке қатысты меңгерілетін нормалар	классикалық әдеби жанрлар мен заманауи әдеби жанрларды ажырата білу
	кез келген берілген тақырыпта жазбаша өз бетінше ойлай білу
	оқыған шығармасынан алған әсерін жарқын әрі нақты жеткізе білу
	өзге адамдардың сезімі мен эмоционалдық тәжірибесі туралы ойлай білу
	түрлі тақырыптарда шығарма жаза білу
	оқытылған ақын-жазушылардың табиғатына тән сипаттарды бағалай білу
	әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне өз қарым-қатынасын білдіре алу және оны негіздей білу

	талғамы жоғары, ақылы кемел әдеби кейіпкерлерге тән сипаттарды айқындау
	музыкалық немесе кескінделген шығарманың астарындағы көркемдік тартымдылықты сезіну және оны сөзбен суреттеп беру
	оқытылатын шығармаларда бейнеленген көркем рәміздердің ерекшеліктерін түсініп, оларға өз қарым-қатынасын білдіре алу
	оқытылған шығармалардағы әдеби кейіпкерлердің ерекшеліктері мен қасиеттері туралы өз бетінше пікір айта білу
	оқытылған көркем шығармалардағы рәміздердің табиғатындағы ұлттық ерекшеліктерді түсіне білу
	әдеби-тарихи кезеңдер мен қаламгерлер шығармашылығына дұрыс баға беру

<b>Шығарманы бағалау критерийі</b>		1	2	3-4	5-7
<b>Емлелік қателер</b>	<b>15 балл</b>	14-15 балл	10-13 балл	7-9 балл	4-6 балл
<b>Стилистикалық қателер</b>	<b>15 балл</b>	14-15 балл	10-13 балл	7-9 балл	4-6 балл
<b>Тыныс белгілері</b>	<b>10 балл</b>	9-10 балл	7-8 балл	4-6 балл	1-3 балл
<b>Тақырыптың дәлелдерге сүйене отырып (шығармадан үзінді) ашып берілуі</b>	<b>20 балл</b>				
Шығарма мәтінде 2 немесе одан астам халық мақалы, қанатты сөздер, поэзиялық үзінділер мәтін мазмұнына сәйкес болса, түсіндірілген болса, эпиграф	15-20 балл				

қолданылған болса, құрылған жоспар тақырыпқа толық сәйкес болса					
Мақалдер, қанатты сөздер, поэзиялық үзінділер қолданылған, бірақ түсіндірілмеген болса	9-14 балл				
Тек мақалдың өзі ғана қолданылып, түсіндірілген болса	4-8 балл				
<b>Көркемдігі (сөз қолдану шеберлігі, поэзиялық үзінділерді, мақалдарды, қанатты сөздерді қолдану)</b>	<b>20 балл</b>				
Тұрақты тіркестерді, эпитеттерді, ауыспалы мағыналы сөздерді, синоним, антоним сөздерді орынды қолданған болса	15-20 балл				
Синоним сөздерді дұрыс қолданған болса	9-14 балл				
Пікір көркемделмей, тек жай мәлімет ретінде ғана қолданылған болса	4-8 балл				
<b>Көркем жазу</b>	<b>6 балл</b>				

Жазуы дәл және жатық, түсінікті болса	5-6 балл				
Жазуы біршама түсініксіз, әріптері қисық болса, еркін оқу аздап қиын болса	1-4 балл				
<b>Өз бетінше пікір айта білу ерекшелігі</b>	<b>10 балл</b>				
Әрбір мәлімет түсіндіріліп, қорытынды, салыстырмалы талдау жасалып, өз көзқарасы өрнектелген болса	7-10 балл				
Тақырып бойынша мәліметтер оқулық негізінде өрнектеліп, оқушының өзіндік дүниетанымын білдірмейтін болса	4-6 балл				
Басқа да жағдайлар	1-3 балл				
<b>Тазалық (боямай жазу)</b>	<b>4 балл</b>				
<b>ЖАЛПЫ:</b>	<b>100 БАЛЛ</b>				

### **Шығармаға арналған тақырыптар:**

1. Әлем әдебиетінің інжу-маржандарынан алған әсерлерім.
2. “Мен – қазақпын” поэмасының бүгінгі күндегі маңызы.
3. Қазақ халық дастандарындағы отансүйгіштік қасиеттердің көрінісі.
4. Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы сан алуан түсті сезімдердің суреттелуі.
5. “Әдеби достық – мәңгілік достық”. Туысқан халықтар әдебиеті үлгілері мысалында.
6. Өзбекстан ХХІ ғасырдың бел ортасында.
7. Жастардың болашағына бұқаралық мәдениеттің тигізетін әсері.
8. Ата-ананың адам өміріндегі алатын орны.
9. Менің өмірдегі міндетім.
10. Жаңа Өзбекстанның болашақ жастары.